

Ақсу қаласы Пограничный селолық округінің Спутник станциясы көшелеріне атау беру туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы Пограничный селолық округ әкімінің 2010 жылғы 23 маусымдағы N 12 шешімі. Павлодар облысы Ақсу қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 шілдеде N 12-2-151 тіркелген

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4)-тармақшасына сәйкес, Спутник станциясы тұрғындарының пікірін есепке ала отырып,

ШЕШІМ

қ а б ы л д а й м ы н :

1. Ақсу қаласы Пограничный селолық округінің Спутник станциясының атаулары ж о қ к е л е с і к ө ш е л е р і н е :

1) N 1 үйден N 11 үй бойынша Строителей;

2) N 12 үйден N 51 үй бойынша Железнодорожная;

3) N 52 үйден N 61 үй бойынша Энергетиков көшесі деп аталсын.

2. Осы шешім ол алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Пограничный селолық округінің әкімі В. Штрауб